**Ұлан ауданының автотұрақтары (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларын ұлғайту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 17 қыркүйектегі N 61 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 қазанда N 2689 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы N 172 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 N 172 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 381, 386-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) санаты 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық ставкалар бойынша салық салуға жататын автотұрақтардың ( паркингтер) үшін бөлінген жерлерге автотұрақтардың санатына қарай ұлғайтылған базалық ставкалардың мөлшері 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін. Әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі айқындалсын:

3. Ұлан ауданына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық ставкаларын қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Қасым Қайсенов кенті айқындалсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *М. Сулейменов*

*Аудандық мәслихат хатшысы* *Н. Сейсембина*

Ұлан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 61 шешіміне
1-қосымша

## Ұлан ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санатын белгілеу туралы

| Рет № | Автотұрақтардың түрлері | Санаты |
| --- | --- | --- |
| 1 | Жер үстіндегі жабық түрлі автотұрақтар, ашық түрлі автотұрақтар | 1 санат |
| 2 | Басқа маңыздағы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа маңыздағы ғимараттың ішіне салынған автотұрақтар | 2 санат |
| 3 | Ғимараттардың жер астындағы, үй астындағы, жер үстіндегі төменгі немесе цокольдық қабаттарында орналасқан автотұрақтар | 3 санат |

Ұлан аудандық мәслихатының
2012 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 61 шешіміне
2-қосымша

## Автотұрақтар үшін бөлінген жерлерге салық ставкаларының санатына қарай мөлшері

| Рет № | Автотұрақтардың санаты | ҚР Салық кодексімен белгіленген базалық ставкалар | | Ставкалары |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| | | кенттер | ауылдар | |
| 1 | 1 санаты | 0,96 | 0,48 | 10 есе |
| 2 | 2 санаты | 0,96 | 0,48 | 9 есе |
| 3 | 3 санаты | 0,96 | 0,48 | 8 есе |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК